

4. Қарабаев Ж.А., Нартбаев А.Н., Спиваков В.А. Қой шаруашылығының негіздері.- Алматы: 1993. 73-75б.

Искаков К.

ОСОБЕННОСТИ ТЕЛОСЛОЖЕНИЯ ИНДЕКСОВ ТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ ИХ РАЗВЕДЕНИЕ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПЛЕМЕННОЕ ХОЗЯЙСТВО «Р-КУРТ»

При изучении промеров и основных индексов телосложения мясо-сальных овец, было установлено эффективность их разведение в условиях Алматинской области.

Ключевые слова: ярки при рождении, баранчики, ярки, индексы.

Iskakov K.

FEATURES BUILD INDICES FINE-WOOL SHEEP BREED THEM ALMATY REGION IN THE BREEDING FARM "P-KURT"

At the comparative analysis of production is living masses, express lambs aid and subtract indexes body and research to show, what to effective on condition Almaty of region.

Keywords: bright at birth, rams, bright, indexes.

ӘОЖ 636.3.03.(574)

Искаков Қ., Сұлтанова А.К., Құлатаев Б.Т., Жұмағалиева Г.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ САУЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӨЛДЕГІШТІГІ ЖӘНЕ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Аңдатпа

Мақалада будан қойлардың өсімталдығы мен өміршендік көрсеткіштері олардың оңтүстік – шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігі дәлелденген.

Кілт сөздер: биязы жүнді қой тұқымы, саулықтар, қозылар, төл алу, ұрықтандыру.

Кіріспе

Рамбулье, полипэй, суффольк, авасси және ост-фриз қошқарлардың шәуетін «Р-Күрті» шаруашылықта өсірілетін қазақтың биязы жүнді саулықтарын лапароскопиялық әдіспен ұрықтандыру арқылы алынған ұрпақтарының өнімділігі мен сапалылығын арттыру болып табылады.

Зерттеу әдістемелері мен материалдары

Ғылыми зерттеулер Алматы облысы Жамбыл ауданының «Р-Күрті» асыл тұқымды шаруа қожалығында жүргізілді.

Зерттеу материалдары ретінде 3,5-4,5 жастағы, «элита» класты шет елден биязы жүнді мұздатылған шәуіттерін және қазақтың биязы жүнді саулық отарлары пайдаланылды. Саулықтарды күтіп-бағу жағдайы бір деңгейде болды. Қондылығы орта деңгейде болды. Салыстырып отырған топтар қозыларының өсіп-дамуын анықтау үшін туылғанында, 4-4,5 және 12, 18 айлығында салмақтарын өлшеніп отырды. Сондай-ақ алынған ұрпақтың негізгі дене өлшемдері: шоқтық биіктігі, дененің қиғаш ұзындығы, кеуде енділігі, сербек аралық енділігі, кеуде орамы, жіліншік орамы өлшеніп, дене бітім индекстері (сирақтылығы, тұрқы

сипаты, жұмырлығы, еңселілігі, сүйектілігі, толықтығы) есептелінді. Қозылардың туылған кезінде, 4-4,5, 12, 18 айындағы тірі салмақтары 0,1 кг дәлдікпен өлшенді.

Зерттеу нәтижелері

Алматы облысы «Р-Күрті» АТШ –да өсірілетін қазақтың биязы жүнді қойды өз төлінен өсіруді ғылыми негізде ұйымдастырмайынша, қой шаруашылығы өнімдерін жақсарту, сонымен бірге қой санын жеделдете өсіру мүмкін емес екендігі әркімге болса да түсінікті. Қойларды төлдеткеннен кейінгі төлдерді сақтап қалу қой шаруашылығында маңызды роль атқарады. Жаңа төлдеген қозыларды енесіне теліп, бауырына бастыру керек [1].

Қой шаруашылығында өндірілетін өнімдер және оның рентабельділігі жас төлдерді адам талабына сай бағыттап өсірудің сапасына байланысты болмақ. Ол үшін өсіріліп отырған қой малының төлдегіштілік және ұрпағының сақталғыштылық қабілетін ұрпақтан-ұрпаққа барынша бекіту керек. Қой төлдегеннен кейін өлім-жітім болмас үшін жіті қадағалау керек [2].

Саулықтардың төлдегіштігі генетикалық факторларға және сыртқы орта жағдайларына, қой тұқымына, жасына, қондылығына, дене салмағына, азықтандыру деңгейіне, күтіміне және көптеген басқа факторларға байланысты болады. Қазіргі таңда, көптеген ғалымдар да малды өз төлі есебінен төлдегіштікті арттыра түсу және өзіндік құнын арзандату, малды көбейтудегі қолданылатын жүйелер сияқты мәселелермен шұғылданып келеді.

Тірі организм өзін-өзі ұдайы жетілдіріп отыратын ашық система болғандықтан, ол өмірінің барлық кезеңінде өзі қоршаған ортамен тығыз байланыста болады. Сыртқы орта факторлары организмнің өсіп – жетілуіне, көбеюіне, өміршеңдігіне тікелей әсер етеді [3]. Сондықтан, сыртқы ортамен тірі организмнің қатынасын зерттеудің маңызы зор.

Малдардың өсімталдығы олардың өнімділігінің басты белгілерінің бірі екені белгілі. Қоршаған ортаның жағдайлары жақсартуы қойлардың ағзасына оң әсерін тигізеді. Қозылардың туылғаннан өсуі мен өміршеңдігі енесінің сүттілігімен де, енесімен бағылудағы жас төлдің азықтану жағдайына да байланысты болатыны белгілі [3].

Қой шаруашылығынан өндірілетін барлық өнім түрінің экономикалық тиімділік деңгейіне тікелей әсерін тигізетін себептердің негізі болып, аналық малдардың өсімталдық қабілеті болып табылады [4].

Біздің зерттеу нәтижелеріміз бойынша, барлық топтағы аналық малдардың өсімталдық қабілетінің, оның ішінде төлдегіштілік көрсеткіші мейлінше жоғарылығымен ерекшеленеді (1-кесте).

Сонымен біздің тәжірибеге алынған барлық үш топ бойынша туған әрбір 100 бас саулыққа шаққандағы төлдегіштігі 105,3-106,0 % аралығын құрап отыр. Бұл қалыпты көрсеткіш болып табылады.

Соның ішінде, II топтағы саулықтардың төлдегіштілік қабілеті келесі топтарға (I және III топ) қарағанда 0,01 және 0,7 % басымдылық көрсетуде.

Ал I топтағы саулықтардың осындай көрсеткіштері, соңғы топтан тиісінше 0,6 % жоғары болды.

Кесте1. Саулықтардың төлдегіштігі

Топтар	Ұрықтандырылған саулықтар саны, бас	100 саулықтан алынған қозылар			
		туылғандағы		енесінен бөлгендегі	
		Бас	%	бас	%
I	188	199	105,9	196	104,2
II	184	195	106	190	103,3
III	190	200	105,3	196	103,2

Біздің мәліметтеріміз бойынша 4-4,5 айлық қозылардың енелерінен бөлгендегі сақталғыштығы 103,2-104,2 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 1,0 және 0,9 % жоғары болып отыр. Ал II топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 0,09 % басым болды.

Жалпы айтқанда, барлық топ қозыларының сүт ему кезеңіндегі олардың сақталғыштығында айтарлықтай айырмашалық жоқ. Біздің ойымызша, қозылардың сүт ему кезіндегі жағдайының қолайлы кезеңінің әсері болып саналады.

Ал тәжірибеге алынған малдардың енелерінен 12 айлықтарына дейінгі айырмашылықтары байқалуда. Соның ішінде, II топтағы малдардың сақталғыштығы келесі топтардан (I және III топ) 3,8 және 23,1 % жоғары болып отыр.

Ал I топ, соңғы топтағы малдардан тиісінше 20,0 % басым. Туылғаннан 18 айына дейінгі сақталғыштығы бойынша салыстыратын болсақ, II топтағы малдар келесі топтардан (I және III топ) 12,0 және 7,6 % жоғары болып отыр. I және II топтағы малдардың, келесі топқа қарағанда, мейлінше жоғары сақталғыштығымен ерекше-ленгендігін немесе осы аймақта мал өсіру жағдайына жақсы бейімделгендігін көрсетеді.

Кесте 2. Қозылардың туылғаннан 18 айына дейінгі сақталуы

Топ-тар	Қозылар		Туылған-нан 4-4,5 айына дейінгі		4-4,5 айынан 12 айына дейінгі		12 айынан 18 айына дейінгі		Туылған-нан 18 айына дейінгі	
	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%	бас	%
I	199	100	5	2,5	5	2,5	6	3,1	16	8,1
II	195	100	6	3,1	5	2,6	7	3,6	18	9,2
III	200	100	7	3,5	4	2,0	6	3,0	17	8,5

Қойларды өсіру мен өміршендігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып белгілі бір уақыт аралығындағы мал шығынының үлесі саналады (3 кесте).

Біздің көрсеткіштерімізге қарағанда, бір жылдағы кеткен қозылардың шығыны 2,5-3,0 % аралығын құрайды, қозылардың өмір сүру қабілетінің жоғары дәрежеде екенін және де зоотехникалық нормаға сай келетінін айта кеткен жөн. Соның ішінде, I топтағы қозылардың сақталғыштығы келесі топтардан (II және III топ) 2,3 және 16,7 % жоғары болып отыр. Ал II топ соңғы топтан тиісінше 14,7 % басым.

Кесте 3. Саулықтардың төл алу нәтижелері

Өндіруші	То п	Ұрықтанды-рылғаны	Қоздаған саулықтар		Алынған қозы, саны	Көптөлдегіштігі
			п	%		
Рамбулье	I	21	8	38,1	8	1,00
Полипэй	II	34	8	23,5	9	1,13
Суффольк	III	41	10	24,4	11	1,10
Авасси	IV	98	52	53,1	64	1,03
Ост-фриз	V	44	22	50,0	26	1,02
Қазақтың биязы жүнді	VI	51	28	54,9	29	1,04

Төртінші отардағы саулықтар ыңғайлы, әрі жылы үйшікте қоздатылды және онда барлық технология сақталады. Мал азығы қозылы саулық тұратын үйшік ішіндегі қоршауға тікелей жеткізіліп, салынады. 8-10 күннен соң қозылы қой от жағылмайтын қораға көшірілді.

Кесте 4. Саулықтардың күйлеген кезеңіндегі төл алудағы нәтижелері

Күйге келген саулықтардың іріктелуі тәуліктік	Ұрықтандырылған қойлар, саны	Қоздаған саулықтар		Алынған қозы, саны	Көптөлдегіштігі
		n	%		
1-рет (таң ертең)	265	120	45,3	135	1,13
2-рет(таң ертең-кешке)	36	15	41,7	19	1,27

Екі отар саулық көлемі шағын, электроколорифермен жабдықталған үйшікте төлдетілді. Үйшіктің бір бөлігіндегі боданшалар мен шағын қоршауларға қозылы қойлар, ал екінші басындағы күнделікті жемшөп тасымалданатын есік жақтағы 4 шарбақ қоршау ішіне буаз саулықтар камалады. Барлық алты төл корпусында да азық тарату жұмысы механикаландырылып, малға су автосуарғыш арқылы беріледі.

Саулықтардың ірі орталық әдіспен ұрықтандырудың төл алудағы нәтижелері.

Шаруашылығы бойынша барлығы 4311 қозы алынды немесе әр жүз саулыққа шаққанда 118,8 қозыдан айналды. Алғашқы бескүндікте қоздаған саулықтардың төлдегіштігі жоғары болып, төлдеген 29,32 саулықтың әр жүзіне шаққанда 148,7 қозы алуға қол жетті.

Зерттеу көрсеткендей күн өткен сайын саулықтардың күйлеуі де төмендей береді екен. Мәселен бірінші отарда 15-і күні 77 қой, екінші отарда 16-шы күні 71, үшіншісінде 18-ші күні 50 қой ұрықтандырылды. Шынында да бірінші, екінші отардағы саулықтардың көпшілігі, атап айтқанда бар малдың 23,6 пайызы алғашқы бескүндікте ұрықтандырудан өтті. Төртінші отардағы саулықтардың көпшілігі, яғни 30,8 пайызы ұрықтандыруға екінші бескүндікте келді. Бірінші екі отарда ұрықтандыру жұмысы 20 күнде аяқталды. Осы уақыт ішінде саулықтардың тиісінше 84,9 және 94,0 пайызы ұрықтандырылды. Үшінші отарда ұрықтандыру жұмысы 22 күнге созылып, отардағы саулықтардың 92,2 пайызы шағылысқа түсті. Ұрықтандырылған саулықтардың пайызы қайта күйледі. Бірінші отардағы бірінші бескүндікте ұрықтанған саулықтардың 33,6 пайызы, үшінші отар үшінші бескүндікте ұрықтандырылғанының 26,5 пайызы, төртінші отарда бірінші бескүндікте ұрықтанған саулықтардың 25,1 пайызы қайта күйледі. Төрт отардың екеуіндегі алғашқы бескүндікте ұрықтанған саулықтардың арасынан қайта күйлеген саулықтар көп кездесті. Сондықтан бұл ерекшелікті комплекстерде қой ұрықтандыру кезінде ескеріп отыру керек. Саулықтарды ұрықтандыру біршама тәуір өтті алғашқы үш бескүндікте бірінші отардағы саулықтардың 67,6 пайызы, екінші отарда 78,5, үшіншісінде 68 және төртінші отарда 75,7 пайызы ұрықтандырылды. Жалпы шаруашылық бойынша ұрықтанған саулықтардың мөлшері 72,4 пайыз болды. Төрт отарға біріктірілген 2707 саулыққа тәжірибе жүргізілді. Жергілікті жердің ауа-райы жағдайын ескере отырып, ұрықтандыру мерзімі бірнеше кезеңге бөлінді. Саулықтар 1-қазаннан 12-қарашаға дейін, бескүндік бойынша таңбаланып, ұрықтандырылды.

Кесте 5. Саулықтардың ірі орталық әдіспен ұрықтандырудың төл алудағы нәтижелері

Пункт-тер	Орта саны	Ұрықтандыруға келген қой саны	Ұрықтандырылғаны		Буаз саулықтар		Алынған қозы	
			қой	пайыз	қой	пайыз	барлығы	100 саулыққа шаққандағысы
I	1	790	683	86,4	596	87,2	794	133,2
I	2	835	684	81,9	606	88,5	762	130,5
Пункт бойынша		1625	1367	84,7	1202	87,9	1556	129,1
II	3	852	686	80,5	520	75,8	666	128,0

	4	881	683	77,5	524	76,7	600	124,5
	5	845	669	79,1	540	80,7	719	133,1
Пункт бойынша		2578	2038	79,0	1584	77,7	1985	125,3
Шаруашылық бойынша		4203	3405	84,0	2789	81,8	3541	127,0

Мыңбаевтық әдіспен ұрықтандырылған саулықтарды төлдету үшін 3 үйшік әзірленген болса, оның екеуі 100 саулыққа арналып жасалған еді.

Мұндағы қой қоздатудың технологиясы дұрыс сақталды. Атап айтқанда, қой қоздайтын үйшіктегі мал азығын таситын өткелектің бір жағына іші өскен саулықтар кіргізіледі, ал жуық арада қоздамайды деген саулықтар от жағылмайтын қорада бөлек ұсталады. Буаз саулықтар әр бескүндікте ұрықтанған белгілеріне қарап, қоздар алдында бірнеше топқа бөлінді.

Қоздаған саулықтар бірден үйшіктің екінші бөлігіндегі бодамшаға кіргізіледі.

Ұрықтантырудан өткен саулықтардың арасынан қайта күй-іситін саулықтарды іріктеу 12-14 күнге созылды, сонан кейін барып қошқар қосылды. Ал қалған саулықтар бір отарға топтастырылып, көктемгі төлдеуге қалдырылды. Бұл отарларда қой төлдету 16-18 күнге созылды. Алғаш ұрықтандырылған саулықтардың буаздығы 81,8 пайыз, яғни 75,8-88,5 пайыз аралығында болды. Іш тастаған және өлі туған қозылардың, саны 192 бас, яғни малдың 4,22 пайызына тең болып, 13 саулық қысыр қалды. Алғаш ұрықтандырылған 2786 саулықтан 3541 төл алынып, әр жүз саулықтың соңына 127-ден қозы ерді. Сонымен саулық шаруашылығында ұрықтандыру жұмысын ірі әдіспен ұйымдастырудың тиімді екендігін көруге болады. Ұрықтандырылған қойдың есебін жүргізу. Ұрықтанған қойдың есебін дер кезінде, нақты жүргізіп отыру көктемгі қой төлдету кезінде де көп септігін тигізді. Пункттегі мұндай есеп жұмысын жүргізу үшін мынандай құжаттар керек: күйек алу кезінде саулықтарға қошқар тағайындау тізімі, қошқарларды пайдалану жөніндегі карточка, ұрықтандырудан өткен саулықтарды тіркеп отыратын арнаулы журнал, ұрық босатылғанда берілетін ордерлер, пункттегі қой ұрықтандыру жұмысының барысы туралы есеп берудің әртүрлі формалары, есепке алынған құрал-жабдықтар мен материалдардың тізімі.

Әрбір қошқардан бір күнде қанша рет ұрық алынғаны, оның сапасы мен салмағы жеке картонкаға жазылады. Ұрықтандырылған саулықтарды жұмыс аяқталған соң техник-ұрықтандырушы арнайы журналға тіркеп отырады. Әдетте, әр отардың есебінің бөлек жүргізілгені дұрыс [5].

Өйткені, пункттегі қой ұрықтандыру жұмысы түгелдей аяқталған соң техник-ұрықтандырушы есеп береді.

Қорытынды

Ұрықтандыру жұмысының жалпы қорытындысы қой қоздап біткеннен кейін шығарылады, ол үшін қой фермасындағы немесе жеке отардағы қоздаған саулықтардың тізімі ұрықтандырылған саулықтардың тізімімен салыстырылады.

Сонымен, будан қойлардың өсімталдығы мен өміршендік көрсеткіштері олардың оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағының жағдайларына жақсы бейімделгендігінің дәлелі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы.- Астана: 2003.- 40б.
2. Любавский А.В. Гиссарские овцы. - Государственное издательство сельскохозяйственной литературы. Москва 1949. 51б.
3. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары.-Алматы:Қайнар,1977. 54-55б.
4. Әдекенов М., Нұрғалиев Ә. Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығының рентабельділігі. -Алматы: Қайнар.- 1976. 70-72б.
5. Есаулова П.А., Литовченко Г.Р. Овцеводства.- Москва: 1963. 35-37с.

Искаков К., Султанова А.К., Кулатаев Б.Т., Жумағалиева Г.

ХАРАКТЕРИСТИКА ЖИЗНЕСПОСОБНОСТИ И ПЛОДОВИТОСТИ ТОНКОРУННЫХ ОВЦЕМАТОК И ИХ ПРИСПОСОБИТЕЛЬНЫЕ КАЧЕСТВА В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

В статье приводится сравнительная характеристика жизнеспособности и плодовитости тонкорунных овцематок и их приспособительные качества в условиях юго- востока Казахстана.

Ключевые слова: казахская тонкорунна порода, овцематок, ягнят, осеменение.

Iskakov K., Sultanova A.K., Kulataev B.T., Zhumagalieva G.

CHARACTERIZATION OF VIABILITY AND FERTILITY OF FINE-WOOL EWES AND THEIR ADAPTIVE QUALITY IN A SOUTH EAST OF KAZAKHSTAN

The article provides a comparative description of the viability and fertility of fine-wool ewes and their adaptive quality in a south east of Kazakhstan.

Keywords: Kazakh fine-wool breed ewes, lambs, insemination.

ӘОЖ 637.5.04/.07

Искаков Қ., Сұлтанова А.К., Құлатаев Б.Т., Жұмағалиева Г.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРДЫҢ СОЙЫС НӘТИЖЕСІ

Аңдатпа

Мақалада салыстырмалы түрдегі биязы жүнді қойлардың қозыларының еті сапасының нәтижесі көрсетілді. Сонымен қатар қозылардың өнімділігінің экономикалық тиімділігі дәлелденген.

Кілт сөздер: Тірі салмағы, ұша салмағы, құйрық салмағы, іш май шығымы, сойыс шығымы.

Кіріспе

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аса маңызды мақсат. Азық-түлік таулары 2014 жылға қарай ішкі рыногының 80%-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс, деп ерекше атап айтылған». Біздің елімізде осы күнге дейін қой шаруашылығында қойдың жүніне көп көңіл бөлініп келген. Осы саладағы өнімнің пайдасын 70-80% -ын құрайтын. Сондықтан да жүннің бағасы жоғары болып, осы өнімді шикізат ретінде өндіру көзделген, осыған орай қолда бар қой тұқымдарының санын көбейту үшін,